

2019-2021 жылдарға арналған Қызылбұлақ ауылдық округ бюджетін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік Кодекстің 9-1-бабының 2 тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "2019-2021 жылдарға арналған Қызылбұлақ ауылдық округ бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

- 1) кірістер – 59 936,0 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 2 681,0 мың теңге;
трансферттердің түсімдері – 57 255,0 мың теңге;
- 2) шығындар – 59 936,0 мың теңге;

2. Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 30 қарашадағы "2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 8- бабына сәйкес 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- 1) жалақының ең төменгі мөлшері – 42 500 теңге;
- 2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 525 теңге;
- 3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы 29 698 теңге болып белгіленгені ескерілсін.

3. 2019 жылға арналған Қызылбұлақ ауылдық округ бюджетіне аудандық бюджеттен берілетін субвенция көлемі 57 255,0 мың теңге сомасында бекітілсін.

4. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.